

DOI 10.52260/2304-7216.2023.3(52).7
 ЭЖ 338.23
 FTAMP 06.52.17

А.С. Есенгельдина*, э.ғ.к., профессор¹

А.М. Есиркепова, э.ғ.д., профессор²

Д.Б. Кошербаев, с.ғ.к., доцент¹

А.А. Мусатаева, PhD¹

Қазақстан Республикасы Президенті

жанындағы мемлекеттік басқару

академиясы, Астана қ., Қазақстан¹

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

университеті, Шымкент қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: yanar77@inbox.ru

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Мақалада елдің мемлекеттік саясатын іске асыруда әлеуметтік бақылауды қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Ғалымдардың еңбектерінде мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылау әсерінің әртүрлі жақтары зерттелген: әртүрлі қоғамдардың атынан қызмет ететін әлеуметтік бақылау органдарының көптүрлілігі; субъектінің әлеуметтік бақылау объектісіне мақсатты басқарушылық әсері; азаматтардың мемлекеттік институттарға әсер етудің пәрменді құралы ретіндегі рөлі; цифрлық кеңістіктегі әлеуметтік бақылау мәселелері; азаматтардың мемлекетті басқару үдерісіне қатысу рәсімдері мен технологиялары; азамат пен мемлекет арасында делдалдық институттар құру. Мақала авторлары Қазақстанның қоғамдық парасаттылық және әлеуметтік прогресс индекстеріндегі рөлі мен орнын анықтаған. Талдау барысында цифрлық технологияларды енгізуге оң әсер еткен әлеуметтік бақылаудың негізгі нысандары мен әдістері жинақталған. Мақалада мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылаудың рөлін күшейту үшін ұсыныстар берілген: мемлекеттік органдардың қызметіне әлеуметтік (қоғамдық) бақылау субъектілерінің тиімділігін айқындау әдістемесін әзірлеу; интернетте қоғамдық кеңестердің ақпараттарды беру тәртібін біріздендіру және жүйелеу; ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту және саясат мәселелері бойынша қоғамдық кеңестерді қамтамасыз ету; қағидаттарды, ұзақ мерзімді және орта мерзімді міндеттерді баяндай отырып, кешенді мемлекеттік стратегияны әзірлеу.

Кілт сөздер: әлеуметтік бақылау, мемлекет, қоғам, мемлекеттік саясат, мемлекеттік стратегия, цифрландыру, ақпарат, қоғамдық кеңес, мемлекеттік институттар, тиімділік

Ключевые слова: социальный контроль, государство, общество, государственная политика, государственная стратегия, цифровизация, информация, общественный совет, государственные институты, эффективность

Keywords: social control, state, society, state policy, state strategy, digitalization, information, public council, state institutions, efficiency

Кіріспе. Қазіргі әлемнің қоғамдық-саяси даму тенденциялары қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастарды өзгертеді. Демократиялық институттардың дамуы, орта таптың күшеюі және қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделенуі мемлекеттік басқару үшін жаңа сын-қатерлер туғызады, оларға бейімделу мемлекеттік басқару тиімділігінің өлшеміне айналады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлеуметтік бақылаудың қазіргі деңгейін жаңа жағдайларға бейімдеу үшін саяси реформаның қажеттілігіне қатысты үрдіс басым. Реформаның әсерін талқылай отырып, бұл өзгерістер әлеуметтік бақылау үдерісінің негіздерін шынымен өзгерте ме, әлде мемлекеттік құрылымдар басқарудың негізгі сипатын өзгертпестен халықтың қысымына бейімделе ме деген сұрақ туындап жатыр. Бұл сұраққа жауап беру үшін әлеуметтік бақылауға қатысты көптеген ғылыми еңбектерді зерттеген жөн.

Зерттеушілер бір жағынан өкілді үкімет институттарына көбірек әлеуметтік бақылауды енгізу туралы үндеуде жаңалық аз екенін атап көрсетеді. Екінші жағынан, Қазақстандағы әлеуметтік бақылау тарихы осы үдерістің табиғаты туралы даулардың бірнеше толқынына куә болды, олардың кейбіреулері институционалдық реформаларға әкелді. Осылайша, әлеуметтік бақылауды құру үдерісінің бірінші мәселесі басқарушылар мен бағыныштылар арасындағы байланысқа тиесілі болса, ал екінші мәселе өкілді демократияға балама ретінде азаматтардың мемлекетті басқаруға

тікелей қатысуының қажеттілігіне қатысты. Сондықтан әлеуметтік бақылаудың мемлекеттік саясаттың атқарылуындағы мәселелерге әсер етуін зерттеу өзекті болып табылады.

Мақаланың мақсаты мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылаудың мәні мен маңызын қарастыра отырып, оның дамуына байланысты ұсыныстар жасау болып табылады.

Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу керек:

- мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылау әсерінің әртүрлі жақтарын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерін шолу;

- Қазақстанның қоғамдық парасаттылық және әлеуметтік прогресс индекстеріндегі рөлі мен орнын анықтау;

- мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылаудың рөлін күшейту үшін ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері. Мақалада әлеуметтік бақылау мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, парасаттылық және әлеуметтік прогресс индекстері пайдаланылған. Әдіснамалық негіз ретінде жүйелік және статистикалық тәсілдер қолданылған.

Әдебиеттік шолу. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, кең мағынада әлеуметтік бақылау «қоғамның жалпы әл-ауқатын арттыру мақсатында басқарушы мемлекеттік құрылымдарға халықтың әсері» дегенді білдіреді. Іс жүзінде бұл көбінесе мемлекеттің қоғамның қажеттіліктері мен тілектеріне сәйкес өз мүдделерін дамыту бағытын таңдауы ретінде анықталады. Әлемдік тәжірибеде жеке қоғамның дамуының ұлттық және аумақтық ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік бақылау нысандары мен институттарының алуан түрлілігі бар.

Адкроф А. және Уиллис Р. сияқты ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік бақылау қоғамның әртүрлілігін білдіре отырып, өкілді демократияны толықтырады және қоғамдық пікір, білім, тәжірибе ұсынады. Азаматтық қоғаммен ынтымақтастық қазіргі демократияның азаматтарды саяси үдерістерден алшақтату мәселесін қанағаттандыруға ықпал етеді [1].

Ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік бақылау» ұғымы әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Біз Е.М. Кузнецованың «әлеуметтік бақылау - бұл әлеуметтік бақылау субъектісінің объектіге мақсатты басқарушылық әсері, соңғысында қажетті мінез-құлық, дүниетаным және адамгершілік бағдарларын қалыптастыру» деген пікірімен келісеміз [2].

Тимошенко И.Г. әлеуметтік бақылау субъектілерінің негізгі және неғұрлым бұқаралық санаты ретінде азаматтарды бөліп көрсетеді. Оның ойынша, демократиялық мемлекетте, қоғамдық өмірдің сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым бейім салаларында, саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік институттарға ықпал етудің пәрменді құралдары ретінде азаматтар қатысуы тиіс [3].

Маркеева А.В. және Гавриленко О.В. цифрлық кеңістіктегі әлеуметтік бақылау мәселелерін қарастырған. Олар жасанды интеллект адамның мінез-құлқы туралы деректерді түсіндіру қаупін анықтаған [4].

Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік бақылау - бұл қоғамның, мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын, әлеуметтік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың жиыны.

«Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасында [5] қоғамдық бақылау субъектілері нақты жазылмаған. Сонымен қатар, «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу» ережесінде «қоғамдық бақылау субъектісі ретінде» қоғамдық кеңестер, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар, қоғамдық кеңестердің тапсырмасы бойынша азаматтар көрсетілген [6]. Қоғамдық кеңестердің негізгі міндеттерінің бірі «қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету» болып табылады [7].

Касен М. ұлттық саясаттың ауқымды шешіміне және күрделі саяси мәселелер бойынша пікірталастарға тікелей әлеуметтік бақылауды қалай қолдануға болатыны анық емес екенін атап өтті. Осылайша, әлеуметтік бақылауды орнату процесінің тақырыбы азаматтарға мемлекетті басқару процесіне тікелей қатысуға мүмкіндік беретін жаңа процедураларды немесе технологияларды іздеумен байланысты [8].

Бокаев Б.Н. және басқалар әлеуметтік бақылау заңдарға сәйкес мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында жүзеге асырылатынын атап көрсеткен. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын барлық субъектілер әлеуметтік бақылау объектісі болып табылады. Әлеуметтік бақылау логикасы азамат пен мемлекет арасында делдалдық институттар құруға негізделген [9].

Ғалымдардың еңбектерінде мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылау әсерінің әртүрлі қоғамдардың атынан қызмет ететін әлеуметтік бақылау органдарының көптілігі, субъектінің

әлеуметтік бақылау объектісіне мақсатты басқарушылық әсері, азаматтардың мемлекеттік институттарға әсер етудің пәрменді құралы ретіндегі рөлі, цифрлық кеңістіктегі әлеуметтік бақылау мәселелері, азаматтардың мемлекетті басқару үдерісіне қатысу рәсімдері мен технологиялары, азамат пен мемлекет арасында делдалдық институттар құру сияқты әртүрлі жақтары зерттелген.

Дегенмен, ғалымдар жекелеген мемлекеттердің әлеуметтік бақылауды жүргізудегі ерекшеліктерін қарастырмаған. Біздің ойымызша, бұл мәселені Қоғамдық парасаттылық және Әлеуметтік прогресс индекстері арқылы анықтауға болады. Сондықтан халықаралық индекстерді қолдана отырып, дамыған елдер мен Қазақстанның мемлекеттік саясатын жүргізудегі мүмкіндіктерін зерттеген жөн.

Негізгі бөлім. Мемлекеттік саясаттың іске асырылуын бағалау үшін Қоғамдық парасаттылық индексі қолданылады. Бұл индекс бес компоненттен тұрады: бюджеттің ашықтығы, әкімшілік ашықтық, онлайн-қызметтер, сот билігінің тәуелсіздігі және баспасөз бостандығы. Осы индекстің арқасында әлеуметтік бақылау деңгейін анықтауға болады.

2021 жылғы Қоғамдық парасаттылық индексіне сәйкес Норвегия, Жаңа Зеландия және Исландия әлемдегі әлеуметтік бақылаудың ең жоғары деңгейі бар елдері болып саналады (1-кесте).

1-кесте

Дамыған елдер мен Қазақстанның 2017-2021 жылдар аралығындағы Қоғамдық парасаттылық индексі*

Елдер	2021 жыл		2019 жыл		2017 жыл	
	Алған орны	Индекс мөлшері	Алған орны	Индекс мөлшері	Алған орны	Индекс мөлшері
Дания	1	9,6	2	9,5	2	9,6
Норвегия	2	9,4	1	9,6	1	9,8
Жаңа Зеландия	3	9,3	5	9,2	5	9,3
Финляндия	4	9,3	3	9,4	3	9,5
Голландия	5	8,8	4	9,3	4	9,4
...						
Қазақстан	62	6,1	72	6,1	70	6,0

* [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Кестеден көрініп тұрғандай, Дания мен Норвегия жыл сайын бірінші немесе екінші орынды алып отыр. Бұл елдерде азаматтар әртүрлі нысандар мен институттарды қолдану арқылы мемлекеттік басқару құрылымдарының шешіміне әсер ете алады.

Қазақстандағы әлеуметтік бақылау деңгейі орташадан жоғары, тиісінше 2021 жылы мүмкін болатын 10 индекстің 6,1 бөлігін жинап, 62-орынға ие болды. Қазақстан онлайн-сервистерді көрсету (10 орын) бойынша үздік көрсеткіштерді көрсетті, ал ең нашар деректер «Баспасөз бостандығы» (109 орын) және «Әкімшілік ашықтық» (94 орын) көрсеткіштері бойынша алынды.

Әлеуметтік бақылау деңгейін анықтауда 3 фактордан (адамның негізгі қажеттіліктері, әл-ауқат негіздері, мүмкіндіктер) тұратын Әлеуметтік прогресс индексі маңызды рөл атқарады. Индекс тек әлеуметтік және экологиялық бағыттарға негізделген. Ол қоғамның өз азаматтарының негізгі адами қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың өмір сүру сапасын нығайту мен қолдау және барлық адамдар өздерінің әлеуетін толық жүзеге асыру үшін жағдай жасау қабілетін өлшейді.

Осы рейтинг бойынша 2022 жылы ең жоғары ұпайларды Норвегия, Дания, Финляндия, Швейцария және Исландия алған (2-кесте).

2-кесте

Дамыған елдер мен Қазақстанның 2020-2022 жылдар аралығындағы Әлеуметтік прогресс индексі

Елдер	2022 жыл		2021 жыл		2020 жыл	
	Алған орны	Индекс мөлшері	Алған орны	Индекс мөлшері	Алған орны	Индекс мөлшері
1	2	3	4	5	6	7
Норвегия	1	90,74	1	92,63	1	92,73
Дания	2	90,54	3	92,15	2	92,11

1	2	3	4	5	6	7
Финляндия	3	90,46	2	92,26	3	91,89
Швейцария	4	90,26	5	91,78	6	91,42
Исландия	5	89,54	4	91,78	9	91,09
...						
Қазақстан	65	71,21	64	72,23	67	72,66

* [11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстан 2022 жылғы рейтингте 71,21 балл нәтижесімен Суринам мен Мексика арасында 65 орында тұр. Қазақстан тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша – 27 орынды («Адамның базалық қажеттіліктері»), базалық білімге қол жеткізу бойынша – 48 орынды («Әл-ауқат негіздері») және жеке бас бостандығы мен таңдау бойынша-45 орынды («Мүмкіндіктер») алады.

Анықталған индекс елдерді жиынтық бағалау мен саралауды қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар нақты күшті және әлсіз жақтары бойынша салыстырмалы талдау жүргізеді. Кешенді жүйеге негізделген өлшемдердің ашықтығы өзгерістерге жауапты адамдарға өз қоғамдарындағы ең өзекті мәселелерді шеше отырып, стратегиялық басымдықтарды белгілеуге мүмкіндік береді.

Сонымен интернеттің мүмкіндіктері мен қазіргі қоғамның онлайн-бағдарлануы цифрлық технологияларды, оның ішінде әлеуметтік бақылау мәселелерінде енгізудің қажеттілігі мен уақытылығын көрсетіп отыр. Цифрлық технологиялардың дамуы мен қолданылуы мемлекеттік саясаттың іске асырылу барысын әлеуметтік бақылаудың жаңа нысандары мен әдістерінің пайда болуына оң әсер етті. «Ашық үкімет» қағидаттарына негізделген әлеуметтік бақылаудың қазіргі заманғы нысандарының болуы азаматтық қоғам институттары мен жекелеген азаматтарға мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен нәтижелілігіне нақты ықпал етуге мүмкіндік береді. Өйткені «Ашық үкімет» ақпарат пен шешім қабылдау тұрғысынан ашықтықты қамтиды және мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты жақсартатын көпжақты, саяси және әлеуметтік үдерісті білдіреді.

Ақпараттық технологияларды (онлайн-платформалар, цифрлық платформалар) әлеуметтік бақылауға енгізу өзінің тиімділігін көрсетті. Бұл азаматтар мен азаматтық қоғам институттарына мемлекеттік қызметшілердің жұмысын бағалауға және бақылауға мүмкіндік береді. Қазақстанда азаматтар соңғы жылдары ақпараттық кеңістікте де, әлеуметтік желілерде де қоғам жұмысының әртүрлі салаларына, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатысты мәселелерді жиі көтеріп келеді. Белгілі бір мәселелерді шешудің сәтсіз әрекеттері, сондай-ақ жергілікті жерлерде мемлекеттік саясатты іске асырудың тиімділігіне әсер ету мүмкіндігінің болмауы азаматтарды әлеуметтік желілер арқылы таратуда.

Азаматтардың заңды күші жоқ платформаларда өтініштер мен ұжымдық шақыруларды қалдыру әдетке айналды. Бұл бағыттарды қоғамдық институт мен кеңестер арқылы реттеп отырған дұрыс.

Қорытынды. Қазіргі уақытта қоғамдық өмірді белсенді цифрландыруды ескере отырып, әлеуметтік бақылау мемлекеттік басқару тетіктерін жетілдірудің негізіне айналуда. Демек, интернет платформалар мен әлеуметтік желілерде қабылданған шешімдер туралы уақтылы ақпарат беру арқылы мемлекеттік органдар жұмысындағы ашықтықты арттырудың және азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы байланысты жақсартудың тиімді құралы болып отыр.

Мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылаудың рөлін күшейту үшін, мынадай бағыттарда жұмыстар атқарған жөн:

- мемлекеттік органдардың қызметіне әлеуметтік (қоғамдық) бақылау субъектілерінің тиімділігін айқындау әдістемесін әзірлеу. Бұл әдістеме қоғамдық кеңестердің мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне әсері туралы шараларды тұжырымдауға бағытталған іс-шаралар кешенін анықтауға мүмкіндік береді;

- интернет беттерінде қоғамдық кеңестердің ақпараттарды беру тәртібін біріздендіру және жүйелеу. Қазіргі уақытта кейбір қоғамдық кеңестеринтернет беттерінде ешқандай ақпаратты орналастырмайды. Бұл мәселені жүйелендіру ең тиімді қызмет атқаратын қоғамдық кеңестерді анықтауға және олардың тәжірибесін басқа әлеуметтік бақылау субъектілеріне енгізуге мүмкіндік береді;

- ақпаратқа қолжетімділікті жақсарту және саясат мәселелері бойынша қоғамдық кеңестерді қамтамасыз ету. Үкіметтің қызметі туралы ақпаратқа қол жетімділік болмаған кезде мемлекеттік қаражатты бақылауды жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл мемлекеттік меншіктің дұрыс басқарылуына және мемлекеттік шешімдерді бұрмалауға жол беруі мүмкін;

- қағидаттарды, ұзақ мерзімді және орта мерзімді міндеттерді баяндай отырып, кешенді мемлекеттік стратегияны әзірлеу. Қазақстандағы әлеуметтік бақылау институттарын, нысандарын айқындау әдіснамасын жетілдіру мемлекеттік стратегиялық жоспарлардың тиімді қызметін жүргізуге және бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, берілген ұсыныстар ақпаратты қол жетімді етеді, үкіметтің ашықтығына ықпал етуі мүмкін. Берілген ұсыныстарды ескере отырып, болашақта әлеуметтік бақылаудың цифрлық құралдарын зерттеу қажет.

Бұл мақала Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржысыланып отыр (грант № ИРН BR18574203).

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Adcroft A., Willis R. The (un) intended outcome of public sector performance measurement // International journal of public sector management. – 2005. – № 5. – P. 386-400.
2. Кузнецова Е.М. Социальный контроль: сущность и методы реализации: Монография. – Saarbrücken: LAP LAMBERT Academic Publishing GmbH & Co. KG, 2012. – 185 с.
3. Тимошенко И.Г. Социальный контроль как средство противодействия коррупции в зарубежных государствах // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. – 2018. – №. 1 (68). – С. 102-109.
4. Маркеева А.В., Гавриленко О.В. Цифровая платформа как новый экономический актор и новая инстанция социального контроля // Вестник Московского университета. – Серия 7. Философия. – 2019. – №. 5. – С. 29-48.
5. «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 10 қарашадағы № 800 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000800>
6. «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 73 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022263>.
7. «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000383>.
8. Kassen M. Open data in Kazakhstan: incentives, implementation and challenges // Information Technology & People. – 2017. – № 2. – P.301-323 // <https://doi.org/10.1108/ITP-10-2015-0243>.
9. Бокаев Б.Н., Есенгельдина А.С., Есиркепова А.М., Кошербаев Д.Б., Мусатаева А.А. Мемлекеттік саясат жүйесіндегі әлеуметтік бақылауды дамытудың теориялық негіздері // Вестник Карагандинского университета. – Серия Экономическая. – 2023. – № 2. – С. 183-190.
10. Index of Public Integrity (2022) // <https://corruptionrisk.org/ipi-ranking/>.
11. Social Progress Index (2022) // <https://www.socialprogress.org/global-index-2022-results>.

REFERENCES

1. Adcroft A., Willis R. The (un) intended outcome of public sector performance measurement // International journal of public sector management. – 2005. – № 5. – P. 386-400.
2. Kuznecova E.M. Social'nyj kontrol': sushhnost' I metody realizacii: Monografija [Social control: the essence and methods of implementation: Monograph]. – Saarbrücken: LAP LAMBERT Academic Publishing GmbH & Co. KG, 2012. – 185 s. [in Russian].
3. Timoshenko I.G. Social'nyj kontrol' kak sredstvo protivodejstvija korrupcii v zarubezhnyh gosudarstvah [Social control as a means of countering corruption in foreign countries] // Zhurnal zarubezhnogo zakonodatel'stva I sravnitel'nogo pravovedeniya. – 2018. – №. 1 (68). – S. 102-109 [in Russian].
4. Markeeva A.V., Gavrilenko O.V. Cifrovaja platforma kak novyj jekonomicheskij actor I novaja instancija social'nogo kontrolja [Digital platform as a new economic factor and a new instance of social control] // Vestnik Moskovskogo universiteta. – Serija 7. Filosofija. – 2019. – №. 5. – S. 29-48 [in Russian].
5. O proekte Zakona Respubliki Kazahstan «Ob obshhestvennom kontrole» [About the draft Law of the Republic of Kazakhstan «On Public control»]. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstanot 10 nojabrja 2021 goda № 800 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000800> [in Russian].

6. Ob utverzhdenii Pravil organizacii I provedeniya obshhestvennogo kontrolja [On approval of the Rules for the Organization and conduct of public control]. Prikaz Ministra informacii I obshhestvennogo razvitija Respubliki Kazahstan ot 26 fevralja 2021 goda № 73 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263> [in Russian].

7. Ob obshhestvennyh sovetah [About public councils]. Zakon Respubliki Kazahstanot 2 nojabrja 2015 goda № 383-V ZRK // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000383> [in Russian].

8. Kassen M. Open data in Kazakhstan: incentives, implementation and challenges // Information Technology & People. – 2017. – № 2. – P. 301-323 // <https://doi.org/10.1108/ITP-10-2015-0243>.

9. Bokayev B.N., Yessengeldina A.C., Yessirkepova A.M., Kosherbayev D.B., Mussatayeva A.A. Memlekettik sajasat zhyjesindegi әleumettik bakyлаudy damytudyң teorijalyқ negizderi [Theoretical foundations of the development of social control in the system of Public Policy] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. – Serija Jekonomicheskaja. – 2023. – №2. – S. 183-190 [in Kazakh].

10. Index of Public Integrity (2022) // <https://corruptionrisk.org/ipi-ranking/>.

11. Social Progress Index (2022) // <https://www.socialprogress.org/global-index-2022-results>.

Есенгельдина А.С., Есиркепова А.М., Кошербаев Д.Б., Мусатаева А.А.

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ СОЦИАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ В РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация

В статье рассматриваются особенности использования социального контроля в реализации государственной политики страны. В научных трудах ученых исследованы различные стороны влияния социального контроля в реализации государственной политики: разнообразие органов социального контроля, представляющих разные общества; целенаправленное управленческое воздействие субъекта на объект социального контроля; роль граждан в качестве действенного инструмента влияния на государственные институты; вопросы социального контроля в цифровом пространстве; процедуры и технологий участия граждан в процессе управления государством; создание посреднических институтов между гражданином и государством. Авторами статьи определены роль и место Казахстана в Индексах общественной добропорядочности и социального прогресса. В ходе анализа выявлены основные формы и методы социального контроля, которые позитивно повлияли на внедрение цифровых технологий. В статье предложены рекомендации для усиления роли социального контроля в реализации государственной политики: разработать методiku определения эффективности субъектов социального (общественного) контроля за деятельностью государственных органов; унифицировать и систематизировать порядок подачи материала общественными советами на интернет-страницах; улучшить доступ к информации и обеспечить общественные консультации по вопросам политики; разработать всеобъемлющую государственную стратегию с изложением принципов, долгосрочных и среднесрочных задач.

Yessengeldina A., Yessirkepova A., Kosherbayev D., Mussatayeva A.

THE ROLE AND IMPORTANCE OF SOCIAL CONTROL IN IMPLEMENTATION OF THE STATE POLICY

Annotation

The article examines the features of the use of social control in the implementation of the state policy of Kazakhstan. In the scientific works of researchers various aspects of the influence of social control in the implementation of state policy have been studied. In particular, the diversity of social control bodies representing different societies, the purposeful managerial influence of the subject on the object of social control, the role of citizens as an effective instrument of influence on state institutions, the issues of social control in the digital space, the procedures and technologies of citizens' participation in the process of state governance, and the creation of intermediary institutions between the citizen and the state. The authors of the article define the role and place of the country within the Index of Public Integrity and Index of Social Progress. The analysis revealed the main forms and methods of social control that have positively influenced the introduction of digital technologies. The article offers recommendations for strengthening the role of social control in the implementation of public policy. They are to develop a methodology for determining the effectiveness of subjects of social (public) control over the activities of state bodies, to unify and systematize the procedure for submitting material by public councils on Internet pages, to improve access to information and provide public consultations on policy issues, and to develop a comprehensive state strategy outlining the principles, long and medium term tasks.